

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР / СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ / SOCIAL SCIENCES

ӘОЖ 316.347(=512.122)(575.1)

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖАҒДАЙЫ

Шарапқызы Дамира

2-курс магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Жолдасұлы Талғат, қауымдастырылған профессор
міндетін атқарушы, PhD, Қызылорда, Қазақстан

Мақалада XVIII–XX ғасырдың ортасынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңдегі Өзбекстандағы қазақ диаспорасының қалыптасуы, дамуы және әлеуметтік-мәдени жағдайы қарастырылады. Зерттеу қазақ диаспорасының тарихи тағдыры, мәдени бейімделуі және ұлттық бірегейлікті сақтау тәжірибесін талдауға бағытталған. Ғылыми еңбектер, тарихи деректер мен санақ материалдары негізінде қазақтардың этникалық келбеті кешенді түрде сараланады. Қазақтардың Қарақалпақстан, Ташкент, Навои және Бұхара аймақтарында шоғырлануы, кеңестік кезеңдегі ауыл шаруашылығы, білім беру мен мәдениет салаларындағы рөлі көрсетіледі. Қазақ мектептері мен мәдени ұйымдардың ұлттық тіл мен дәстүрді сақтаудағы маңызы айқындалады. Зерттеу Өзбекстандағы қазақтардың этникалық дамуы мен мәдени интеграциясының негізгі үрдістерін бағалауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздері: Өзбекстан, қазақ диаспорасы, мәдениет, тіл, ұлттық бірегейлік.

Қазақ диаспорасының қалыптасуы мен қазіргі жағдайын зерттеу – этнология, тарих және әлеуметтік ғылымдардың маңызды бағыттарының бірі. Қазақ халқының үлкен бөлігі Қазақстаннан тысқары, алыс-жақын шетелдерде өмір сүріп жатыр. Олардың ішінде сандық тұрғыдан ең ірі диаспора – Өзбекстандағы қазақтар. Қазақтардың қазіргі Өзбекстан аумағына қоныстануы бірнеше тарихи себептермен байланысты. Біріншіден, дәстүрлі мал шаруашылығына негізделген көшпелі өмір салты қазақ руларының шекаралас аймақтарға қоныстануына ықпал етті. XIX ғасырдың соңына дейін қазіргі

Қарақалпақстан мен Хорезм, Ташкент өңірлерінде қазақ рулары тұрақты мекендеген. Екіншіден, Ресей империясының отарлық саясаты қазақтардың бір бөлігін оңтүстікке ығыстыруға мәжбүрледі. Әсіресе, Жетісу мен Сырдария аймағындағы қазақтар ХІХ ғасырдың екінші жартысында кең көлемде Өзбекстан аумағына көшті. Үшіншіден, ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы ашаршылық пен күштеп ұжымдастыру кезеңінде қазақтардың жаппай босқыншылық көші орын алды. Бұл кезеңде жүздеген мың қазақ Өзбекстанға қоныстанып, сол жақта тұрақтап қалды.

Қазақтар қазіргі Өзбекстанның барлық солтүстік далалық өңірлерінде, қазіргі Қарақалпақстаннан Ташкент облысына дейінгі солтүстік шекара бойында қоныстанған. Ертеден қазақ рулары Бұхара, Самарқан, Хиуа, Ходжентке дейінгі қалаларға мал және мал шаруашылығы өнімдерін жеткізіп отырған. Белгілі кеңестік өзбек этнографы К. Шаниязов өз еңбегінде: «VІІІ ғасырдың 70-жылдарында қарлұқ пен оғыз тайпалары және арабтардың қысымынан Сырдарияның орта ағысындағы қаңлылардың тәуелсіз бірлестігі өмір сүруін тоқтатты. Қаңлылардың бір бөлігі Сырдарияның орта ағысының оң жағалауында көшіп-қонып, қазақ пен қарақалпақ халықтарының құрамына енсе, екінші бөлігі өзбек халқының құрамына қосылды», – деп жазады [1: 92]. Автордың мәліметінше, қаңлылардың негізгі бөлігі Ташкент уезінің Ниязбек, Тойтөбе, Ақжар болыстықтарында қоныстанып, ХІХ ғасырдың 70–80-жылдары мұнда 1650 қаңлы үйі тіркелген [2: 188–192]. Бұл да қазақ қауымдастығының қалыптасуының алғышарты ретінде көрінеді Осы орайда көрнекті тарихшылар В.В. Востров пен М.С. Мұқанов ежелгі қаңлылар мен қазіргі қаңлылардың өзара тығыз байланысы бар екенін атап өтіп, олардың Орта Азия мен Қазақстан халықтарының саяси және этникалық қалыптасуындағы айрықша орнын көрсетеді [3: 32–34].

Қазақ жүздерінің шекаралары нақты болмаған, олар шамамен Орта Азиядағы Бұхара, Қокан және Хиуа хандықтарының аумақтарына сәйкес келді. Бұл шекаралар түрлі сыртқы саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. Мәселен, ХVІІІ ғасырдың басында Жоңғар хандығының шабуылы нәтижесінде Ұлы жүз қазақтары Жетісудан ығыстырылды. Шығыстан төнген қауіп қазақтардың бір бөлігін Бұхараға қарай көшуге итермелесе, екінші бөлігі Кіші жүз бен Орта жүздің қоныстарына еніп, оларды Ресей шекарасына жақын аймақтарға ығыстырды. 1723 жылы жоңғарлар Ұлы жүздің барлық қоныстарын жаулап алды. Шамамен 150 мыңнан астам қазақ отбасы Самарқанд маңына қоныстанып, кейін Ташкент, Ферғана, Самарқанд, Хиуа және Бұхара жерлеріне орнығып қалды. А. И. Левшин 1832 жылы жарық көрген «Қазақ-қырғыз ордалары мен далаларының сипаттамасы» еңбегінде қазақтардың Орта Азияға жаппай қоныс аударуын жоңғар шапқыншылығымен байланыстырады. Ол былай деп жазады: «1723 жылы Қалдан Серен Түркістан, Ташкент және Сайрамды басып алған кезде Ұлы жүз бен Орта жүздің кейбір бөлігін

бағындырды. Ұлы жүздің қалған бір бөлігі мен азғана Орта жүз Ходжентке көшсе, Орта жүздің едәуір бөлігі Самарқандқа, ал Кіші жүздің бір тобы Хиуа мен Бұқараға қоныс аударды» [4: 167]. Біздің пайымдауымызша, дәл осы XVIII ғасырдың басындағы қым-қуыт оқиғалар тарихи жағдайға байланысты қазақтардың үдере қоныс аударуы, яғни, қазіргі Қазақстан территориясынан ауып, Орта Азия жерлеріне, тіпті, өзге де шет елдерге тұрақтап қалуына негізгі себеп болды.

Қазақстан үшін XVIII–XIX ғасырларда Ташкент аймағы ерекше маңызға ие болды. Бұл өңір Қоқан хандығының ірі сауда-экономикалық орталығы әрі қазақтардың көшіп-қону кеңістігінің маңызды бөлігі саналды. Ташкент қаласы сол кезеңде әскери және саяси тұрғыдан ерекше рөл атқарды: қазақ рулары қоныстанған аймақтарға салық салу, әскери міндеткерліктер жүктеу арқылы Қоқан билеушілері өз ықпалын күшейтті. XIX ғасырдың басынан бастап Әлім хан қазақ далаларына салық төлеуді күштеп енгізді, бұл жағдай қазақтарды ашық қарсылық көрсетуге итермеледі. Нәтижесінде 1809 жылы Ташкент түбінде қазақтардың Қоқан езгісіне қарсы көтерілісі орын алды. Бұл қозғалыстар жергілікті халықтың саяси тәуелсіздікке ұмтылысының айғағы еді. Осы көтерілістер барысында қазақтар Қоқан билеушілерінің үстемдігіне мойынсұнбағанымен, әскери күштің теңсіздігі оларды жеңіске жеткізбеді. Дегенмен бұл оқиғалар Қоқан хандығы мен қазақ руларының қарым-қатынасындағы қайшылықтардың арта түскенін және қазақтардың отарлық езгіге қарсы күресінің күшейгенін көрсетеді.

С. Мадуанов пен М. Шәлекенов деректері бойынша XIX ғасырдың 1820-жылдары Қоқан билігінде шамамен 150 мың қазақ отбасы болған [5: 66]. Хандық құрамында Ұлы жүздің шанышқылы, сиқым, сіргелі, қаңлы рулары, сондай-ақ Орта жүздің арғын, найман және Кіші жүздің тама, әлім рулары мекендеген. Е.Б. Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» атты еңбегінде Данилевскийдің деректеріне сүйене отырып, арнайы кесте ұсынады. Аталған кестеден Хиуа хандығына бағынышты қазақ руларының қоныстану аймақтары жөнінде мағлұмат алуға мүмкіндік бар [6: 82].

Өзбекстанның солтүстік-шығыс аймағында қоныстанған қазақтарды зерттеуші Б. Қалшабаева оларды ата-бабаларының ежелгі қонысында өмір сүріп келе жатқан автохтонды халық деп сипаттайды. Ғалым бұл өңірдегі шанышқылы, қаңлы, жалайыр, дулат, сіргелі және басқа да рулардың ерте дәуірдегі қазақ пен өзбек халықтарының этникалық құрамын қалыптастырған тайпалармен байланысын атап көрсетіп, оны деректермен дәлелдейді [7: 19].

Өзбекстан аумағында қалып қойған қандастардың ежелгі ата қонысында өмір сүріп жатқанына күмән жоқ. Санақ мәліметтері де мұны дәлелдейді. 1868 жылғы есеп бойынша, Ташкент уезінің Тойтөбе, Ангрен, Шыршық бойында 144 970 қазақ болған [8: 118-122]. Алайда, 1870 жылғы деректерде бұл сан

айтарлықтай азайып, 42 345-ке түскен, ал құрамалар 19 446-ға кеміген. Мұның себебі ретінде көшпелі өмір салтынан туындаған санақтағы дәлсіздіктер немесе басқа халық құрамына ену ықтималдығы айтылады. 1873 жылы Кіші жүз рулары Хиуа хандығының аумағында, Өмудария сағаларында көшіп-қонып жүрген. Олардың саны 52 665 адамға жеткен [9: 61].

Қазақ халқы да басқа этностар секілді дәстүрлі шаруашылық пен материалдық мәдениетке ие. Бұл тұрмыс салты ертеден қазіргі Өзбекстан аумағында қалыптасып, жергілікті қоғамдық өмірмен біте қайнасқан. Көшпелі дәстүр, төрт түлікке негізделген ата кәсіп XIX ғасырдың соңына дейін қазақ тіршілігінің өзегі болды. Жұт пен ашаршылық көбіне малдың қырылуымен байланысты еді. XIX ғасырдың соңына қарай қазақтар орыс және өзбек шаруаларынан егіншілікті үйреніп, көбіне кедей топтар ғана егін екті. Қыс мезгілінде қыстауға, көктемде егістікке көшіп жүретін қазақтар үшін егіншілік мерзімдік кәсіп саналды. Мал шаруашылығы мен егіншілік қатар жүргізілді. Хорезм, Бұхара, Түркістан қазақтары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында біртіндеп жартылай отырықшы және отырықшы өмір салтына көше бастады.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында кеңестік билік қазақтарды отырықшылыққа мәжбүрлеп, алғашқы колхоздар мен совхоздарды ұйымдастырды. Бұл саясат 1930 жылғы ашаршылықты күшейтіп, көптеген қазақтардың Қытайға көшуіне себеп болды. Отырықшылыққа бейімделген соң қазақтар арасынан агрономдар, трактористер, жұмысшылар шыға бастады. 1930-жылдары Ташкент пен басқа қалаларға қазақтар көптеп тартылып, өнеркәсіп пен құрылыста еңбек етті. Оқу-ағарту саласында қазақ мектептері, ауылдық кеңестер, балалар үйлері ашылды. Уақыт өте келе қазақтар қала өміріне белсенді араласып, ғылым, өнер, мәдениет саласында көзге түсті. Қазақ әйелдері де дәрігерлік, сахналық өнер сияқты мамандықтарда еңбек ете бастады.

Өзбекстанда 1992 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Республикалық қазақ мәдени орталығы маңызды рөл атқарып келеді. Бүгінде оның 34 бөлімшесі бар. Бұл орталықтар қазақ халқының мәдени дәстүрлерін қайта жаңғырту, талантты жастарға қолдау көрсету, қазақтардың тарихи-мәдени мұраларын зерттеу және қорғау, қазақ пен өзбек халықтары арасындағы достықты нығайту, сондай-ақ Қазақстанмен тығыз байланыс орнату бағытында елеулі іс-шаралар атқаруда.

Қазақ диаспорасының білім жағдайына байланысты 2000 жылдары 600 қазақ мектебі болды. Ташкент педагогикалық университетінде қазақ филологиясы факультеті ашылды. 2020 жылғы бейресми мәлімет бойынша, Қарақалпақстан Автономиялы Республикасының 32,6%-ы қазақ халқы құрайды. Яғни, 685 мың қазақ мекендейді. 62 қазақ, 100 аралас қазақ мектебі бар. Өзбекстандағы қазақтарды зерттеуші, қоғам белсендісінің Сәкен Ташметовтың

мәліметтеріне сәйкес, Әндіжан, Ферғана және Наманган облыстарында қазақтардың саны салыстырмалы түрде аз болғандықтан, қазақ және аралас мектептер жоқ. Ал Хорезм, Бұхара және Жизақ облыстарында қазақтар санының көптігіне байланысты қазақ мектептері мен аралас мектептер жұмыс істейді. Әсіресе Жизақ облысында қазақ мектептерінің саны едәуір жоғары және олар тұрақты түрде білім беру қызметін атқарып келеді. Бұл деректер қазақ диаспорасының аймақтық орналасуы мен ана тілінде білім алу мүмкіндіктерінің әрқелкі екенін көрсетеді. Қазақтар Өзбекстанның ғылымы мен мәдениетіне елеулі үлес қосып келеді. Осылайша, Өзбекстандағы қазақ зиялылары тек қана ғылым мен өнер саласында емес, сондай-ақ қала сәулеті, археология және бейнелеу өнерінде де терең із қалдырғаны байқалады.

2012 жылдың 19 мамырында Ташкент қаласында өткен Өзбекстандағы қазақтардың кезекті Кіші құрылтайы өткен болатын. Онда қазақ мәдени орталығының 20 жылдығына және Интернационалдық мәдени орталықтың 20 жылдық мерейтойы аясында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасалды. Бұл шараның басты мақсаты – қазақ пен өзбек халықтарының арасындағы достық пен ынтымақтастықты сақтау мен одан әрі нығайту болды. Кейінгі жылдары да Өзбекстандағы қазақ диаспорасы үшін әлеуметтік-мәдени тұрғыдан оң өзгерістер байқалды. Қазақ диаспорасының әлеуеті мен мәдени өзін-өзі тануын зерттеу туралы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді, сонымен қатар қазақ тарихындағы ұлы тұлғаларды ұлықтау, әдебиет пен өнерге арналған арнайы жобалар мен көрмелер ұйымдастырылды. Өзбекстандағы Республикалық Қазақ ұлттық мәдени орталығы мен оның аймақтық филиалдары арқылы қазақ тілі, дәстүрі мен өнері сақталып, діни-мәдени іс-шаралар жиі өткізілді; осы кезеңде екі ел арасындағы мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық күшейе түсті, 2018 жылы Қазақстанда «Өзбекстан жылы» аясында және 2019 жылы Өзбекстанда «Қазақстан жылы» аясында жүздеген мәдениет, өнер, әдебиет және музыка шаралары өткізіліп, қазақтар мен өзбектер арасындағы тарихи достық пен рухани байланыс жанданды.

2022 жылы Қазақстан мен Өзбекстан дипломатиялық қарым-қатынасының 30 жылдығы аталып өтті. Жаңа мәліметтер бойынша, Қазақстан Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың пайымдауынша, 2023 жылы Өзбекстанда 800 мыңнан астам этникалық қазақтар тұрады, деп хабарлайды «Қазинформ» [10].

Қазіргі кезеңде Өзбекстандағы қазақ руханиятының көрнекті өкілдері мен тарихи тұлғаларының есімін ұлықтау бағытында да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Мысалы, Қарақалпақстанның Нүкіс қаласына жақын жерде жерленген XVI ғасырдағы Адай Құдайұлы Ерқосай батыр, Хорезм өлкесіндегі Сырым батыр және Самарқандта мәңгілік тыныстап жатқан Әйтеке бидің бабасы – Жалаңтөс баһадүрдің зираттарына кесене тұрғызу қолға алынуда. Бұл

бағыттағы жұмыстар – тек тарихи әділдікті қалпына келтіру емес, сонымен қатар ұлт мұрасын сақтау жолындағы маңызды игілікті іс. Бабаларымыздың бейіттерін қалпына келтіру – олардың еңбегіне тағзым етіп, келер ұрпаққа өнегелі жол қалдырудың бір көрінісі. Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс атқарады. Өзбекстанда Абай күні кеңінен тойланады, жылда ұлы ойшылдың құрметіне елдің түпкір-түпкірінде жыр мүшәйралары, ғылыми практикалық конференциялар мен концерттер ұйымдастырылуда. Сондай-ақ, Әйтеке биге арналған шараларда өте кең таралған соның бірі 2025 жылы Науаи облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған ауқымды шараны атап өтсек болады. Осының барлығы қазақ диаспорасының мәдени жағдайы үнемі дамып, белсенді екенін көрсетеді. Бұған қоса, Өзбекстандағы қазақ қауымдастығы Қазақстанның халықаралық деңгейдегі табыстарына зор мақтанышпен қарайды және елдің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатын үнемі қолдап келеді. Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен тығыз байланыс орнатып, екі ел арасындағы мәдени-рухани ынтымақтастықты арттыру жолында жемісті жұмыстар атқаруда. Мұндай бастамалар — қазақ халқының тілі, мәдениеті мен рухани құндылықтарын өркендетуге сеп болумен қатар, екі халықтың арасындағы шынайы достықты нығайтуға да зор үлес қосуда.

Зерттеу барысында Өзбекстандағы қазақ диаспорасының қалыптасуы тарихи көші-қон үдерістері мен ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде жүзеге асқаны анықталды. Диаспораның әлеуметтік-мәдени жағдайы тілдік орта, білім беру жүйесі және мәдени мекемелердің қызметі арқылы айқындалатыны көрсетілді. Зерттеу нәтижелері қазақ диаспорасы өкілдерінің этникалық бірегейлікті сақтауға және ұлттық мәдени құндылықтарды дамытуға бағытталған қоғамдық-мәдени бастамаларға белсенді қатысып отырғанын дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шаниязов К. К этнической истории узбекского народа. – Ташкент: Фан, 1972. – 340 б.
2. Шаниязов К. Основные отрасли животноводства в дореволюционном Узбекистане // Хозяйственно – культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1975. – 188-192 бб.
3. Востров В.В., Мұқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. –А. 1968. –255 б.
4. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз -кайсацких орд и степей. –СПб., 1832.– Ч.2. –334 б.

5. Мадуанов С.М., Шалекенов М.У. История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XX вв. – Туркестан: Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А. Ясави, 2000. – 436 б.

6 Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20—40-жылдарында (Оқу құралы). — Алматы, “Санат”, 1994. — 416 б.

7. Қалшабаева Б.К. Өзбекстандағы қазақтар (солтүстік-шығыс аймағы деректер бойынша): тарих ғыл. канд. ...дисс. / автореф/Алматы: Қазақ мемлекет. ұлт. ун-ті, 2010.. – 50 б.

8. Қалшабаева Б.К. Түркістан өлкесі халықтары жөніндегі демографиялық мәліметтерден (XIX ғасырдың II жартысы –XX ғасырдың басы) //ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы, -2000. №3 (18). – 84-122 бб.

9. Шәлекенов М.У. Казахи низовьев Амударьии. К истории взаимоотношений народов Каракалпакий в XVIII-XXвв. –Т. 1966 – 336 б.

10. Өзбекстанда қанша қазақ тұрады? // JJTV.kz. – URL: <https://jjtv.kz/kk/ozbekstanda-kansha-kazak-turady?ysclid=mhp6u6ukie163225925>

ФОРМИРОВАНИЕ И СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ В УЗБЕКИСТАНЕ

Шарапкызы Дамира

Научный руководитель: Жолдасулы Талгат

В статье рассматривается формирование, развитие и социально-культурное положение казахской диаспоры в Узбекистане с середины XVIII–XX века до настоящего времени. Исследование направлено на анализ исторической судьбы казахской диаспоры, её культурной адаптации и опыта сохранения национальной идентичности. На основе научных трудов, исторических источников и переписных данных комплексно изучается этнический облик казахов. Отражается их сосредоточение в регионах Каракалпакстан, Ташкент, Навои и Бухара, а также роль в сельском хозяйстве, образовании и культуре в советский период. Подчеркивается значимость казахских школ и культурных организаций в сохранении национального языка и традиций. Исследование позволяет оценить основные тенденции этнического развития и культурной интеграции казахов в Узбекистане.

Ключевые слова: Узбекистан, казахская диаспора, культура, язык, национальная идентичность.

THE FORMATION AND SOCIO-CULTURAL SITUATION OF THE KAZAKH DIASPORA IN UZBEKISTAN

Sharapkyzy Damira

Scientific supervisor: Zholdasuly Talgat

The article examines the formation, development, and socio-cultural status of the Kazakh diaspora in Uzbekistan from the mid-18th–20th centuries to the present. The study focuses on analyzing the historical fate of the Kazakh diaspora, its cultural adaptation, and the experience of preserving national identity. Based on scholarly works, historical sources, and census data, the ethnic profile of Kazakhs is comprehensively studied. Their concentration in the regions of Karakalpakstan, Tashkent, Navoi, and Bukhara, as well as their role in agriculture, education, and culture during the Soviet period, is highlighted. The importance of Kazakh schools and cultural organizations in preserving the national language and traditions is emphasized. The research provides an assessment of the main trends in the ethnic development and cultural integration of Kazakhs in Uzbekistan.

Keywords: Uzbekistan, Kazakh diaspora, culture, language, national identity.

REFERENCES

1. Shaniyazov, K.K. On the Ethnic History of the Uzbek People. Tashkent: Fan, 1972. – 340 p.
2. Shaniyazov, K.K. Main Branches of Animal Husbandry in Pre-Revolutionary Uzbekistan // Economic and Cultural Traditions of the Peoples of Central Asia and Kazakhstan. Moscow, 1975. – pp. 188–192.
3. Vostrov, V.V., Mukhanov, M.S. Tribal Composition and Settlement of the Kazakhs. Almaty, 1968. – 255 p.
4. Levshin, A.I. Description of the Kyrgyz-Kazakh (Kyrgyz-Kaisak) Hordes and Steppes. St. Petersburg, 1832. – Part 2. – 334 p.
5. Maduanov, S.M., Shalekenov, M.U. History of Relations between the Peoples of Turkestan in the 18th–early 20th Centuries. Turkestan: International Kazakh-Turkish University named after H.A. Yasawi, 2000. – 436 p.
6. Bekmakhanov, E.B. Kazakhstan in the 1820s–1840s (Textbook). Almaty: Sanat, 1994. – 416 p.
7. Kalshabayeva, B.K. The Kazakhs in Uzbekistan (Based on Data from the Northeastern Region): PhD Thesis Abstract / Almaty: Kazakh State National University, 2010. – 50 p.

8. Kalshabayeva, B.K. Demographic Data on the Peoples of Turkestan Region (Second Half of the 19th Century – Early 20th Century) // KazNU Bulletin. History Series, 2000, No. 3 (18). – pp. 84–122.

9. Shalekenov, M.U. The Kazakhs of the Lower Amu Darya: On the History of Relations between the Peoples of Karakalpakia in the 18th–20th Centuries. Tashkent, 1966. – 336 p.

10. How Many Kazakhs Live in Uzbekistan? // JJTV.kz. URL: <https://jjtv.kz/kk/ozbekstanda-kansha-kazak-turady?ysclid=mhp6u6ukie163225925>